

ӘОЖ 37.013.42 (075.8)

## ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

И.Б.Сихимбаев, К.Қ.Толегенова  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасында бүгінгі таңдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістер өскелең ұрпақтың әлеуметтену үрдісіне өз ықпалын тигізуде.

Әлеуметтену – екі жақты үрдіс: Индивид бір жағынан жаңа әлеуметтік ортаға және әлеуметтік байланыстар жүйесіне ене отырып әлеуметтік тәжірибені меңгерсе, екінші жағынан ол тұлға ретінде қоршаған ортаға ықпал ете отырып, өзінің қоғамдағы орнын бекітеді. Бұл үрдістің нәтижелі жүруі тұлғаның бос уақытты қаншалықты тиімді де дұрыс пайдалануына тікелей байланысты. Президентіміз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан 2030» жолдауында тұжырымдалған: «Бүгінгі таңдағы болып жатқан өзгерістерге адамдар жайлап үйреніп келе жатыр. Оларға субъективті және объективті факторлар ықпал етуде. Жаңа

құндылықтар жүйесіне тез және дұрыс бейімделе білген, әрі болашаққа деген жаңа көзқарастары бар жастарға сүйене отырып, біз қоғамдық сананы шыдамдылықпен өзгертуіміз қажет». Сондықтан, жастардың соның ішінде мектеп жасындағы балалардың әлеуметтену мәселелері жан-жақты зерттеп жүйелеуді қажет етеді.

Әрбір қоғамның өркениетті жолмен дамып әлеуметтік тұрақтылығының сақталуы және болашағының кепілі: өсіп келе жатқан ұрпақтың сол қоғам белгіленген әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қабылдап, талаптар мен сұраныстарына үйлесімді қалыптасып жетілуі болып табылады. Қазіргі кезде нарықтық қатынастың талабына сай өмірден өз еркімен тұрақты орын таңдай білетін, экономика саласынан ойы ұшқыр, белгіленген істің нәтижесін алдын ала болжап, көре білетін зиялы да іскер әлеуметтенген жеке тұлғаны қалыптастыру проблемасы тұр. Сондықтан, қоғам жастардың тиімді әлеуметтенуіне мүдделі бола отырып, осы үрдісті жүзеге асыратын әлеуметтік институттарын жетілдіруге тиіс. Тікелей жас ұрпақтың әлеуметтену үрдісімен айналысатын әлеуметтік институттар (мектеп, отбасы, мектептен тыс мекемелер, тәрбие мекемелері, қоғамдық ұйымдар, т.б.) өз функцияларын, яғни қоғамның «әлеуметтік тапсырмасын» орындай алмай отырғандығы талас тудырмайды. Бұл мәселе «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» нақты көрсетілді: «Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны фактология күйінде қалып отыр, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық тұрғыдан ескерген. Оқушының даралығына бағдарланған білікті көзқарас жоқ. Мектепте оқу оқушының өмірлік жолын, мүдделері мен перспективаларын таңдауына нақты дәлелдемелер бермейді. Жоғары сынып оқушыларының тек 30%-і ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіби қызметті таңдайды. Демек, бұл жоғары сынып оқушыларының 70%-інің өмірден өз орындарын табуға мүмкіндігі аз деген сөз».

Өмір білім беру мен тәрбиелеудің жаңа ұлттық модельдерін қажет етуде. Бұл өз кезегінде жас ұрпақтың әлеуметтену үрдісінің катализаторы болмақ. Бүгінгі таңда мектеп жасындағы балалар әлеуметтік институттардың (мектеп, мектептен тыс мекемелер, т.б.) дәрменсіздігінен стихиялы түрде әлеуметтенуде. Бұл ескелен ұрпақтың әлеуметтенудегі бос уақыттың маңызын жан-жақты әрі терең зерделеуді жүйелеуді қажет етуде. Мектеп жасындағы балалар үшін бос уақыт өз мүмкіндіктері мен қызығушылығын қабілеттері мен шығармашылығын кеңейту өрісі болып табылады. Сонымен қатар, бос уақыт мектеп жасындағы балалардың қоршаған ортамен әлеуметтік байланысы мен әлеуметтік қарым-қатынас сапаларының дамуына әр түрлі әлеуметтік топтағы өзінің орнын табуына зор ықпал етеді. Бос уақыттың әлеуметтік аспектісіне әр түрлі деңгейдегі шиеленістер мен қиындықтарды шешу жатады.

Экономиканың модернизацияланған жағдайында бос уақыттың құндылық бағытын анықтауда, өндірістердің прогрессивті даму динамикасын, адамзаттың өмір сүруі мен тіршілігіне төнген экологиялық апатты, жаңа ақпарат тасқынын, бос уақытты ұйымдастыру мүмкіншілігінің өсуін ескеру қажет. Жалпы біртұтас қоғамның өмір сүру салты мен өмірлік құндылықтары өзгеріп отыр. Бұл құндылықтардың өзгерісі, бір жағынан ерекшеленуге, даралық-индивидуалдық сапаларға деген құлшыныс, бос уақытты өткізуге деген жоғары талап, өз бетінше шешім қабылдауға ұмтылысынан көрінсе, екінші жағынан мектеп жасындағы балалар, соның ішінде жоғары сынып оқушылары алдарына міндет қойып, қоғамда, әлеуметтік ортада өз орнын табуды мақсат көздейді. Бос уақыт жасөспірімдер үшін өздерінің тілектерін, идеяларын жүзеге асыру үшін өз еркімен таңдаған және тілеген уақыты болып есептеледі. Бүгінгі күні мектеп жасындағы балалардың арасында бос уақытта әлеуметтік коммуникацияға, пікірлесуге, музыка тыңдауға, бұқаралық ақпарат құралдарына және белсенді спорт түріне деген қызығушылығы жоғары көрінгенмен, көркем және ғылыми-жаратылыстық шығармашылыққа, іс-әрекеттің қоғамдық пайдалы түріне қызығушылығы төмен. «Әлеуметтік-педагогикалық іс-тәжірибедегі жүйелі анализ жасөспірімдердің әлеуметтенуінің арнайы спецификалық мәселелер комплексін анықтауға мүмкіндік беруде. Мектеп жасындағы балалардың оқу және еңбек мотивацияларының төмендеуі, дүниетанымдарындағы таяздық, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюі, нашақорлық пен ішімдікке ерте әуестенуі қоғам тарапынан әлеуметтендіру жұмысын арнайы маманданған және кәсібиленген қызмет деп қарауды талап етуде» [1].

## Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы освоения определенных ролевых отношений в обществе путем социализации как основного механизма вхождения в мир социальных связей школьников в свободное время.

## Summary

The problems of definite role relationships in society by means of socialization as a basic mechanism of entering into the world of social links of pupils in their free time are considered in this article.

УДК 519.711.3

## МАТЕМАТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ЭЛЕКТРОННОЙ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ВУЗА

А.Ж.Усенова

ЮКГУ им.М.Ауезова, г.Шымкент

Математическая модель электронной информационно-образовательной среды ВУЗа представляется в виде телекоммуникационного портала. В общем случае модель портала, позволяющая осуществить выбор оптимальной его структуры, может быть построена с учетом следующих характеристик: наличие значительного числа элементов портала; их рассредоточенность в пространстве; передача потоков информации с одной ступени портала на другую; необходимость обработки данных в масштабе времени, близкому к реальному.

Введем следующие обозначения:

$I = \{i\}$  - множество условных номеров решаемых задач в портале;

$J = \{j\}$  - множество условных номеров технических (вычислительных) средств;

$L = \{l\}$  - множество условных номеров уровней решения задач.

Экспертным путем могут быть заданы:  $L_j$  - множество условных номеров уровней, на которых целесообразно размещение  $j$ -го комплекса технических средств;  $L_i$  - множество условных номеров технических средств, каждое из которых обеспечивает решение  $i$ -й задачи.

Для каждой задачи из множества  $I = \{i\}$  считаются известными:  $t_i$  - продолжительность решения задачи на каждом из рассматриваемых технических средств;  $R_i$  - периодичность решения  $i$ -й задачи;  $W_j, W_b$  - требуемый объем, соответственно, оперативной памяти и внешней памяти;  $E_i$  - ожидаемый эффект от решения задачи.

В качестве оценки потерь из-за несвоевременного решения задачи или нерешения ее вообще устанавливается функция штрафов  $F_{ijl}$  из-за задержки при решении  $i$ -й задачи на  $i$ -м уровне с помощью  $j$ -го технического средства.

Технические средства характеризуются: быстродействием  $B_j$ , объемом оперативной памяти  $W_j$  и внешней памяти  $W_{bj}$ , общим фондом машинного времени  $T_j$ , стоимостью  $C_j$   $j$ -го технического средства.

Для организации каналов связи между уровнями задаются: множество вариантов организации связи  $S_{ik}$  между  $l$ -м и  $k$ -м уровнями; стоимость  $S$ -го варианта обустройства каналов связи  $C_{iks}$  между  $l$ -м и  $k$ -м уровнями; пропускная способность  $s$ -го канала связи  $W_s$ .

В качестве целевой функции принимается максимум эффективности функционирования системы:

$$\sum_{i \in I} \sum_{j \in J} \sum_{l \in L} (E_i - F_{ijl}) x_{ijl} - \sum_{l \in L} \sum_{s \in S_l} C_{ljzjl} - \sum_{lk \in L} \sum_{s \in S_{lk}} C_{lksylks} \rightarrow \max, \quad (1)$$

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются проблемы освоения определенных ролевых отношений в обществе путем социализации как основного механизма вхождения в мир социальных связей школьников в свободное время.

### **Summary**

The problems of definite role relationships in society by means of socialization as a basic mechanism of entering into the world of social links of pupils in their free time are considered in this article.